ЖАС ҚАЗАҚ

№32 (604) 12 тамыз 2016 жыл

ISSN 2074-899X

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

ЖАНАЙҚАЙ

Балдыр пішкен

Ауылымызға қиырдағы Қызылордадан келін түсті. Құдалар келіп, арқа-жарқа болып, екі күн қона жатып, қонақ болды. Сонда әлгі кісілердің кетерінде таңдай қағып тамсанғаны ауылдағы ауыз су болыпты. Ауыл деп отырғаным – Алматының іргесіндегі Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Қырбалтабай деген елді мекен. Ауыз су жер астынан қысы-жазы бір тоқтамай атқылап жатады. Бірер жыл бұрын отандық телеарналар «Алматының өзі ауыз суға зәру. Ал Қырбалтабайдың суы босқа ағып жатыр» – деп аттандаған. Онысы ауылдағы ағайынға жақпады. «Алланың берген несібесі. Суымызға сұқтанбаңдар» – деп мөлдір тамшыны басқа жаққа бұрып әкететіндей қызғышша қорғады.

(Жалғасы 2-бетте)

2 БІРТҮРЛІ БАЛАБАҚША

3 КИГЕНІМІЗ ҚЫРҒЫЗДЫҢ ПИМАСЫ

8 КҮМІС СЫРҒА

on the web JASQAZAQ.KZ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН СҰХБАТ

Нан жабуды ұмыттық

«Жалқаумыз. Ауыл тұрғындары күнделікті тұтынатын заттардың бәрін сатып алады. Нанға дейін. Нан жабуды да ұмытты. Қыз бала болсын, ұл бала болсын, осыдан барып жалқаулыққа ұрынады. Жазда шабындықта болып, күзде мақта теріп көрмеген. Маңдай терін төгіп, еңбек етпеген бала ертең қандай азамат болып шығады? Жастардың дені жалқау десем өтірік емес»

(Толығырақ 5-бетте)

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	44,10
DOLLAR	347
EURO	388
РУБЛЬ	5,37

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

(Жалғасы 2-бетте)

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САЙТЫ

jasqazaq.kz

7 КҮН 168 САҒАТ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Жанайқай

Ардақ АЙБАРҰЛЫ, «Хабар» телеарнасының тілшісі

Балдыр «ішкен»

(Басы 1-бетте)

Әлгі Қызылорданың құмынан келген құдалар ауылдан аттанарда: «Ұят болса да, айтайық. Бір бұйымтайымыз бар еді. Мына «мөлдір моншақтарыңыздан» бір «фләк» алып кетейікші» – деп өтініпті. Құдалардың өтініші қазір ауылда «аңыз!»: біреулер: «Қалыңға қырық шелек су беріпті», Құдалар: «Қырбалтабайдың суы үшін тағы бір қызды тегін беруге дайынбыз» – депті» сияқты алыпқашпа әңгіме өріп жүр.

Қайсы күні ауылдың бір тәксиіне міндім. Жүргізушіні жұрт «Апта.кз» дейді. Аты Ерлан. Қырбалтабайдың бар жаңалығын жайып салады. Ешнәрсе сұрамайсың. Тыңдауға шыдамың жетсе болды. «Су сұраған құдалардың бірін кеше «телебызырдан» көрдім. Орал жақта, Жаңақала деген жерде тұрады екен. Бізден кеткен соң, ауылындағы суды хабарға шығарыпты» – деп бастады сөзін. Маған қарамайды. Түсініп жатыр ма, түсінбей отыр ма демейді. Сапылдап жатқаны. «Көлдерін балдыр басып кетіпті. Сап-сары. Қалай ішеді екен, ә? Мен болсам, ішпес едім. Біздің ауылдың суы – зәмзәм ғой, шіркін! Соның қадіріне жетпейміз!» – деп бір тыныс алды. «Апта.кз»-тің көп сөзінің бірі шығар деп, мән бермегем. Сөйтсем, рас екен. Редактордың орынбасарынан тапсырма түсісімен, ғаламторға отырдым.

Жаңақала ауданының тұтынып отырған тіршілік көзі – шынымен, балдыр басқан көлшіктің суы. Көлшік демей не деу керек, қопа басқан жасыл айдын. Тіпті мемлекеттік телеарнаның журналисі судың ішіне қолын салып жіберіп, бір уыс балдыр алып шыққанын да көрдік. Бір қызығы, телеарнаға сұхбат берген Жаңақала аудандық тұтынушылар құқын қорғау басқармасының басшысы Рашид Ибрагимов бұл су ішуге жарамды деп отыр. 2-3 ай шыдаса, су балдырдан тазарып шығады екен.

Су – тіршілік көзі. Ал Жаңақаланың тіршілік көзі – сары су, сасық көлге тәуелді. Өткен ғасыр болса, өкпе жоқ. XXI ғасырда ауылдағы ағайын мынадай жарамсыз су ішіп отырса, ол – қасірет. Ауыз су бағдарламасы болды. Сондай мемлекеттік жобадан Жаңақала сияқты елді мекендер қалай шет қалып қояды екен? Түсініксіз. «Ақбұлақ» және «Ауыз су» бағдарламалары қанша ауылды жарылқады? Жаңақала қалай ғана сондай ірі жобадан шет қалды? «Жас келсе, іске» демекші, Алтай Көлгінов Батыс Қазақстан облысының әкімі болғанда жұрт бір қуанып еді. Ол бұл мәселеден хабардар ма екен? Осы аптада Үкімет басшысы өңірге іс-сапармен барғанында естідік. Ауыз суға жарымаған жұртқа бір шапағаты тиер ме екен?

Мынандай тіршілік көзімен өсіп жатқан ұрпақтың дені сау болады дегенге ешкімнің көңілі сенбесе керек-ті. Жоқ емес, Орталық Азияда жерасты суы мол мемлекеттің бірі – Қазақстан. Алайда ауыз судың түйткілі шешілер емес.

«Апта.кз»-тің әңгімесін тыңдап отырып, ауылға да жетіп қалыппыз. Ақмоншақтан аспанға шашу шашып жатқан жуан құбырдың жанында қызыл-жасыл киінген ұсақ балалар жүр. Қапырықтан қашып, тастай судың астын паналаған ауылдың тентектерінде уайым да, қайғы да жоқ. Құлақ-құлақ аққан сарқыраманың астынан ары – бір, бері – бір өтіп асыр салады. «Анау, сары көйлек киген қыз – құдаша. Қызылордалық құдалардың қызы. Ауылы ыстық, су жоқ екен. Жазғы демалысын әпкесінің үйінде өткізуге келіпті. Әп-әдемі қыз екен», – деп машинадан мойнын созып тамсанып қояды. Мыңдаған мөлдір моншақ әлгі қыздың жүзін жуып тұр...

Жарас КЕМЕЛЖАН

Әлеумет.t⁰

Біртүрлі балабақша

– Балабақшаңыздың аты қалай?

– Бұрын «Хеппи» деп аталған. Бірақ дәл қазір аты жоқ. Басқа ат іздеп жатырмыз.

– Қашан ашылған?

– 2015 жылы.

– Сіздердің «25 ақ мың теңге» деген бағаңыз жақсы екен. Осы күйінде қала берсе, жақсы ғой.

– Жоқ, қыркүйектен бастап баға өзгереді, 35 мың болады.

– Сонда қанша топ бар? Менің қызым дайындық тобына бару керек.

– Бізде бір ғана топ бар, бір жарымда, екі жаста, бестегісі бәрі бірге, кейін бөлеміз.

– Бес мезгіл тамақ береді екенсіздер, ас мәзірін кім бекітеді?

– Аспаз бар, таңғы ас, «витаминный обед» беріледі.

– Ересектеу балалармен қалай жұмыс жасайсыздар?

– Сурет салдырамыз, пластилинмен жұмыс.

– Лицензияларыңыз бар ма?

– Бәрі бар, келесі апта көрсетеміз.

– Қандай бағдарламамен жұмыс жасайсыздар? Сіздердің тәрбие жұмысы, жоспарларыңызды қалалық білім басқармасы бекітіп, тексеріп отыра ма?

– ...

Жауап бере алмады. Үйдің кіреберісіне жапсырып кеткен балабақша жарнамасында көрсетілген нөмірге хабарласқанда осындай диалог болды. Телефоннан толық жауап болмағандықтан, хабарламада көрсетілген мекенжайға бардым. Астана қаласының Сейфуллин көшесінде орналасқан. Қоғамдық көлікке мініп, «Асан Қайғы» аялдамасына түсіп қалдым. Қай жағыма қарасам да «Құлпытастар» деген жазуға көзім түсе берді. Өзі тар көшеде бәрі бар. Көлікке техникалық қызмет көрсету орталығы, қонақүй, монша, құлпытас цехы. Мен іздеген балабақша бір қуыста. Бір кісі ғана өте алатын тар жерден өтіп, шап-шағын аулаға тап боласың. Ойын алаңының белгісі ретінде аласа әткеншек қана тұр. Іргеде құрылыстан қалған ұзынша тақтай жатыр. Сол жақтағы екі қабатты үй пәтершілерге арналған орынжай екен. Ар жағынан бала шулаған, жылаған дауыстар естіліп жатқан есікке көңілді смайликтің суреті жапсырылыпты. Екі қыз қарсы алды. Аядай екі бөлме. Бірінде балалар ойнап жатыр. Ішінде бесіктегі әлдиден төрт жасқа дейінгілер бар.

– Барлық бала бір топта ма?

– Иә, әзірше солай, бірақ бала саны бұдан да көбейсе, тағы да топ ашамыз.

– Егер жасы бестегі балалар келсе, мектепалды дайындықпен кім айналысады?

– Онда жаңа топ ашамыз ғой, педагог аламыз.

– Мында бары екі бөлме ғой.

– Ааа, ауладағы үйден бөлме табылады, уайымдамаңыз.

«Балалар сыртқа шыққанда қайда ойнайды, балаларға беретін тамақты қайда пісіреді? Ас мәзірін көруге бола ма? Аспаздың, сіздердің медкітапшаңыз бар ма? Балалар тұмауратса, дәрігер келе ме?» деген сияқты сұрақ көмейімде қалды. Мұндай жағдайды Астанаға осыдан 3-4 жыл бұрын көшіп келгенде көргем. Бір жарым жастағы қызымды балабақшаға беруге кезекке тұрдық. Ал біздің алдымызда 13 мың бала болды. Жуық арада кезегіміз келмейтіні түсініп, балабақша іздедік. Тапқан балабақшамыздың сиқы мынадай. Тап-тар ауланың бұрышынан жалғыз әткеншек мен қызыл-сарыға боялған екі-үш дөңгелекке орын табылған. Балалардың жуылған киімі де осы жерде жайылыпты. Ал балалардың қай жерде ойнайтыны белгісіз. Кәдімгі үй сияқты, 2-3 келіншек жұмыс істейді. Жүрген сайын көре бересің. Нешетүрлі балабақшаны көріп шықтық. Бірақ Астананың аязында бала тоңып қалмауы үшін не болса да үйге жақынын таңдайды екенсің. Ақыры сол жағалаудағы көпқабатты үйдің бірінші қабатынан ашылған балабақшаға бердік. Үш бөлмелі пәтердің бір бөлмесіне ұйықтайды. Бір бөлмесінде тамақ ішеді, бір бөлмесінде ойнайды. Айына 30 мың теңге. Бір қызығы, баламыз үйге келе сала, әуелі жанталасып «горшокке» жүгіреді. Сосын іле-шала су сұрайды. Бұрын үйде жалынып ішкізе алмайтын болсақ, енді тәбеті ашылғанын байқадық. Бастапқыда топта 15 бала деген болатын, бара-бара бала саны көбейе түскенін байқадық. Қыстығуні сыртқа да шығармайды. Сөйтсек, отыз баланы екі тәрбиеші киіндіріп үлгермейді екен. Астанадағы бүлдіршіннің күйі осындай. Оны тексеріп жатқан құзырлы мекеме жоқ!

Жадыра ШАМҰРАТОВА,
журналист

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

Нижат РАХИМОВ, ***Рио Олимпиадасының чемпионы:***



«Маған қолдау көрсеткен еліме алғысымды білдіремін. Марапаттау кезінде қуанғанымнан көз жасыма ерік бердім»



Дмитрий БАЛАНДИН, ***Рио Олимпиадасының чемпионы:***

«Сіздерге осындай мереке тарту еткеніме қуаныштымын. Менің ойымша, әр спортшы чемпион болуды армандайды»

АНТИ ЕЗА

Жанар ТАЙҒОНБЕКОВА,
Астана қаласы білім саласын бақылау департаменті директорының міндетін атқарушы:

«2011 жылдан бері жекеменшік балабақшаларға лицензия берілмейді. Олар тек жеке кәсіпкер немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде тіркеледі де, өздігінше жұмыс жасай береді. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің санын көбейту мақсатында осындай жеңілдік жасалды. Бірақ білім беру, балабақшадағы тәрбие сапасын ешкім қадағаламайды»

Жамбыл АХМЕТБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Заңға сәйкес бизнесті қолдаймыз деп балабақшаны ойыншыққа айналдыруға мүлдем болмайды. Лицензиясыз балабақша ашуды кім көрінген мақсат етіп, оңай жерден ақша тапқысы келгендер бір бөлмеге 30-40 баланы тығып балабақша атандыруы да әбден мүмкін. Онда онсыз да балалар арасында жұқпалы дерт шықса, пайдадан қағыламыз деп жасырып қалуға тырысатын тәрбиешілер, тіпті бетімен кетері анық. Айта кетер жайт, біз кезінде талан-таражға түскен балабақша ғимараттарын қайтарып, мемлекеттік мектепке дейінгі орталықтар санын арттырғанымыз дұрыс»

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Зейнеткер зейнеткерді алдапты

Тәртіп сақшылары 80-жастағы зейнеткерді 3,5 мың еуроға алдап кеткен 64 жастағы азаматты ұстады. Бір қызығы, ол да зейнеткер болып шықты.

Ақмола облысының ІІД баспасөзі хабарлағандай, оқиға 2016 жылдың қаңтар айында болған. Балалары Германиядан ақша жіберіп отыратынын білген алаяқ, қарт әжейге өзін жүргізушімін деп таныстырады. Балаларының беріп жіберген затын алып келе жатқанда көлігі бұзылғанын айтып, қарызға ақша сұраған. Сөзіне сенген зейнеткер бар жиғанын бере салыпты. Қазіргі таңда алаяқ уақытша тергеу қапасына қамалды.

Бір анығы

Қос азаматтығы бар депутаттар

«Мемлекеттік қызметкерлер, соның ішінде депутаттардың қос азаматтығы бар екені анықталды. Олардың кейбірі Ресей азаматтығын алған. Бұл Конституциямызға қайшы».

Бас прокуратура департаменті бастығының орынбасары Нұрдәулет Сүйіндіков осылай деп мәлімдеді. Алайда ол ешкімнің атын атап, түсін түстеген жоқ. Бас прокуратура кеткен қателікті түзету үшін Ресей тарапына ортақ база құруды ұсынып отыр. Бұл екі ел азаматтары туралы ақпарат алып отыруға септігін тигізбек. Сондай-ақ оның айтуынша, қос азаматтыққа жол бермеу үшін ортақ келісімге келу керек.

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

АПТАНЫҢ АЙТЫСЫ

интерфакс КАЗАХСТАН

«Қазақстан Даму банкі» Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан алынған ақшаның 15 млрд теңгесі «Экспо–2017» объектілерінің құрылысына бағытталады»

interfax.kz

«Зейнетақы қорынан ақша «ЭКСПО» аумағында салынып жатқан MEGA ойын-сауық орталығының құрылысына жұмсалатыны аты аталмаған дереккөзінен белгілі болды»

radiotochka.kz

Сергей КУЯНОВ,
«Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы қоғаммен байланыс департаментінің директоры:

«ЭКСПО» аумағындағы нысандар және «ЭКСПО» объектілері – бір нәрсе емес. Олар екеуі екі бөлек. Көрменің аумағы 174 гектар, оның ішінде тек 25 гектарға ғана «ЭКСПО» нысандары салынады. Басқа бөлікте тұрғын үй кешендері, сауда орталықтары болады. Олар «ЭКСПО» аумағында орналасқанымен, «ЭКСПО» объектілері болып саналмайды. «Қазақстан Даму банкі» құрылысын қаржыландыратын ғимараттардың ұлттық компанияға қатысы жоқ. «ЭКСПО» компаниясы қазір қаржыға мұқтаж емес. Ал «Интерфакс-Қазақстан» агенттігі ақпаратты жоққа шығармаса, сотқа беру мәселесін қарастырамыз»

Марат ҚҰСАЙЫНОВ,
Ұлттық экономика министрінің бірінші орынбасары:

«Экспорт алды және экспорт қаржыландыруын ынталандыру үшін зейнетақы қорынан 30 миллиард теңге қарастырылған»

Мәселе

Барды ұқсата алмаймыз – 2

Ала жаздай ауылдан қарға адым ұзамай, пима басатын Қонысбайдың қолы босағаны осы. Онда да бармауға лажы болмаған. Қанша дегенмен, жиен. «Жиен назары қатты болады» деп қазақ тегін айтпаған. Араласпаса ағайынның өзі жылдар өте келе жатқа айналады екен. Әдейілеп емес, әрине. Жер шалғай болғандықтан, жыл аралатып қана жүздесіп жүр. Балалар бірін-бірі танымайды да.

Кигеніміз қырғыздың ПИМАСЫ

Пима басатын Қонысбай жол-жөнекей облыс орталығына соққан. Жұмыс күні болса да орталық базар құмырсқаның илеуіндей құжынап жатыр. Аяқ басатын жер жоқ, осы жұрттың жұмысы қайда екен деп ойлады ішінен. Жалпы, Қонысбайдың өзге жұртта шаруасы шамалы. Бұл өзі пима басатын болғандықтан, жол-жөнекей базардағы сатарманның қолында өзінікіндей зат бар ма екен, әлде, жоқ па, соны білгісі келген. Тап бұл басатындай жеп-жеңіл, қонышы қайырылған, кейпі сүйкімді пима жоқ екен. Бір бұрышта қырғыздың келіншектері 2,5-3 мың теңгеден сатып тұр. Олардікі бұзаубас, қонышы әнтек кең, әрі үлкен, өңсіз, сұрықсыздау екен. Шамасы ауылда тұратын ағайындар болса керек, екі-үш қазақ жаңағы көрер көзге сүйкімсіз пимаға саудаласып жатты. Одан өзге көзге ештеңе түскен жоқ. Бір-ақ жерде, оның өзінде де қырғыз пимасы.

Облыс орталығынан Бұландыға сапар шеккен Қонысбай жол бойы базарда көргенін ой елегінен өткізді. Біздің жақта қыс ұзақ. Ақ мұрт ақпан келіп, ағзаңды аяз қарығанда сұлуынан жылуы жақсы емес пе. Денсаулыққа пимадан қолайлысы жоқ. Тек бір өкініштісі, қазіргі жастар пима ки десе аза бойы қаза болады. Әйтпесе, оймақтай қылып, қолдан басқан, жеп-жеңіл, жып-жылы пиманың не жамандығы болсын. Өзімізде қойдың күзгі жүні мен көктемгі жабағысы жан адамға керек болмай, іріп-шіріп жатқанда, ең аяғы пима екеш пиманы да қырғыз ағайындар тасып беріп жатыр. Сонда деп ойлады Қонысбай, біздің ең болмағанда әр үйдің ауласында шашылып жатқан жүнді де іске жарата алмағанымыз-ау.

Алыстау салса, адасып кететіндей бір-біріне иықтастырып салынған өңкей сұрғылт үйлі Макинск көңілінен шықпайды-ау бұның. Жиен жеңгесі жадырай қарсы алған. Әуелі ұзынсонар амандық-саулық. Содан соң шай. Аттанарға тағы бір шай.

– Екі жерге қант, екі жерге май қойып, дастарқанды гүл қылып жіберген жоқпын ба, – дейді жеңгесі Сәнім қуақыланып, – Жиен ағаңның еңбекақысы «жаңа қазақтардың» мейрамханадан ішкен асына төлегенінің қалған ақшасы сияқты ғой. Әйтеуір, соны жеткізіп отырмыз. Ер жеткен екі бала жұмыссыз. Алды 30-ға келсе де, әлі күнге дейін күнкөрістері мүгедек әкелерінің мойнында.

Қонысбай келген шаруасын тәмамдаған соң кейін қайтқан. Макинскіден Астанаға асатын жолдың қос қапталында саңырауқұлақ, бал, әртүрлі тосаптар, қайың жапырағынан буылған шыпыртқы сататындар самсап тұр. Еріксіз бұрылған. Әуелі ермек үшін. Әншейін базар нарқын бағамдамақ болып. Бір литр таңқурай 1,5 мың, ара балының 1 литрі 2000, қайың шыпыртқы 150 теңге, жидектің 2 литрлік тосабы 3500 мың, картоптың 10 литрлік шелегі 1000 теңге, балға батырылған қарағай бүртіктері салынған 1 литрлік бәнке 1500 теңге және үлкенді-кішілі ыдыстарда тұздалған саңырауқұлақтың түр-түрі толып тұр.

– Әрбір маусымда 1 миллион 200 мыңнан 1 миллион 500 мыңға дейін табыс табамыз, – дейді кәсіпкер Нина Владимирова, – жаз бойы қол қусырып қарап отыру деген жоқ. Біздің Бұланды өңірінің табиғаты тұнып тұрған байлық қой шіркін.

Қонысбайдың кісінің қалтасындағы ақшасын есептейтін әдеті жоқ еді. Қашан да бақай есептен, қызғаныштан ада. Осы арада ала жаздай орман аралап, жер ананың ырыздығын теріп, жеп жүргендерге кереметтей разы болмасы бар ма. Шынында да, бәрі еңбекпен келетін дүние ғой. Жаңа ғана жиен ағасының үйінде өз көзімен көрген жадау тіршілік, жүдеу дастарқан, салы суға кеткен қаракетсіздік туралы ойлады. Ал мынау жол жиегіндегі таңның атысы, күннің батысы құмырсқадай қыбырлап, бір қарағанда болымсыз көрінетін, бірақ шынтуайтында, отбасын асырауға қауметі қаптал жететін таза еңбектің үлгісі көріп, шын ниетімен разы болды. Жиен ағасының үйінде тепсе темір үзетін екі азамат шыбық басын сындырмай бос отыр. Осыдан кейін барып, өмірге өкпелейміз, қоғамға кінә артамыз.

Қонысбайдың өзі де өлмес кәсібін тапқан. Баяғы Айыртау өңірінде әркімнің үйін салып, қорасын шабатын ақсақ Андрейден қалған сабау, күзем жүнді тарайтын, тістері сойдиған ат тарақ, жүн жуатын шұңғыл бөшке асырап тұр. Ал жүн дегеніңіз, тіпті тегін. Қолдан басқан пиманың рахатын ел көреді. Еңбегінің жемісін мұның отбасы, несі жаман?!.

Шыбын тайып жығылатын теп-тегіс асфальт жолмен келе жатып, ойына небір жайлар оралған. Біздің қазекең деп ойлады Қонысбай. Сөзге ғана мықты ғой. Шіркіндерді сөйлетіп жіберсең, Таяу Шығыстағы проблемадан бастап Ливияның Каддафиіне дейін таратып береді. Өткенде айттың шайын ішіп отырған. Кешегі кеңес кезінде жылқы баққан Есенбай есіп отыр. Былтыр дейді ол қарагер атымды суаруға барғанмын. Ескі баз жақтан қасқыр-қасқыр деген дауыс шықты. Содан қарагерді суармастан жайдақ міне салып тура құдым. Құдай біледі бір өтірігі жоқ, Жарқын көліне дейін қуып жеттім. Қара жерде қасқырға қуып жету үшін астыңа мінгенің тұлпар болуы керек қой. Қуып жеттім де, үзеңгімді суырып, – дей бергенде, қасында отырған Бозкеннің Серігі қолын ұстай алды:

– Сен мана жайдақ шығып едің ғой, – деді. Айттың шайында ошарылып отырған отыз адам күлкіге көміліп қалды.

Қазақ болып өмір сүру де қызық қой, шіркін...

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Бұланды ауданы Ақмола облысы

Тақырыпқа орай

Атамұрат ШӘМЕНОВ,
ЭКОНОМИСТ.

– Жүн мен терінің далада шіріп жатуы барды ұқсата алмауымыздың бір белгісі. Кеңес дәуірінде Таразда, Семейде теріні, жүнді өңдейтін фабрика болды. Қазіргідей далаға тастамай, сонда өткізесің. Одан кейін өнім шығарылады. Түркия сияқты жақсы жетістіктерге жетпесекте, тері далада қалмайтын. Өңделген шикізатты қабылдайтын өзіміздің жеңіл өнеркәсібіміз де болды. «Жетісу» аяққиім фабрикасына жіберіліп тұрды. Одан бөлек, тондар тігілді. Керемет болмаса да, мал шаруашылығына киюге жарайды. Жылы болатын.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы мақтаның өзі еліміздегі біраз адамды киіндіруге жарар еді. Әлі күнге сол өңірдегі мақтадан тігілген көйлекті әлі көргем жоқ. Бүгінде біз бар кәсіпорынды жауып, сауда орындарын ашып жатырмыз. Жалпы, елімізде тауар өндіруші экономика емес, сауда экономикасы болып кетті. Ал сауда экономикасының түбі таяз. Қазіргідей қиын қыстау кезеңде шама-шарқың білініп қалады.

Ғаламтордан бір жаңалық оқып қалдым. Шығыс Қазақстан облысында жақсы өнім шығарғаны үшін субсидия береді. Бұл не деген масқара?! Біздің мемлекеттік саясатымыз өндірушіге емес, саудаға арналған. Шағын және орта бизнесті қолдауды қолға алдық. Оның өзінде көп нәрсені айыра алмаймыз. «Елімізде осынша кәсіпкер бар, оған мынадай көмек көрсетіліп жатыр» деген жалаң көрсеткішті келтіреміз. Ал сол көмек мейрамхана, сауда-саттық сияқты болмашы дүниелерге көрсетілуде. Өндірушілер соның 10 пайызын ғана алып отырған шығар. Қалғаны қызмет көрсету саласына көрсетіледі. Осының бәрі үкіметтің кемшілігі деп есептеймін.

ФОТОАЙҒАҚ



31 арна мәселеге араласқаннан соң, құжат түзетілді

«КНР» деген ұлт бар екен

Дереккөзі: 31kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Сарап

Орыс пен Түріктің ТАТУЛАСУЫ

1. Жақсы дос жаман күнде білінеді

«Режеп Ердуан баспасөз мәслихатында Нұрсұлтан Назарбаевқа *(Ресей мен Түркияны татуластырған ара ағайындығы үшін)* терең ризашылығын жеткізіп жатқанда қатты тебірендім. Мәртебелі Назарбаев бізге жаман күнде жақсы дос екенін көрсетті. Біз оған шексіз ризамыз». Түрік журналисі Мұрат Йеткин орыс пен түрік арасындағы тоңның жібуіне Қазақстан басшысының сіңірген ерен еңбегін осылай бағалады. Ол осы аптада «Хүрриет» газетінде жариялаған мақаласында Ердуанның Путинге арналған хаты қалай жазылғаны, оның Кремль қожайынына қалай жеткізілгені тәптіштеп баяндады. Көп өтпей, Ресей сайттары мақаланы орысшаға аударып, оқырмандарына жеткізді. Жалпы, ел басына күн түскенде ең жақын бауыры көмек қол созатынын түріктер осы жолы анық байқады. Ердуанның «Әл Жазира» арнасына берген сұхбатында бүліктен кейін Анкараға келіп, қолдау – демеуін көрсеткен тұңғыш мемлекет басшысы Н.Назарбаев екенін айрықша атап өтуі де тегін емес. Бірі бауырлас мемлекет, екіншісі жақын көрші болып табылатын Түркия мен Ресей арасындағы татулық қай жағынан алып қарасақ та елімізге тиімді. Қазақстан екі ел арасындағы ахуал ушыққан кезде де өз ұстанымынан айнымай, сындарлы да сауатты көпқырлы саясаттан ауытқымайтынын паш етті.

2. Батысты әбіржіткен жүздесу

Риода Олимпиада ойындары қызған тұста ғаламдық саяси сахна бос қалған жоқ. Бұл жетіде хабар-ошар

құралдары Ресей мен Түркия басшыларының кездесуін жарыса жазды. Әдеттегідей, әркім әртүрлі әспеттеді. Түріктер «тарихи жүздесу» десе, орыстар «маңызды кездесу» деп бағалады. Ал Батыс басылымдары, керісінше, суық қабақ танытты. Солардың біреріне тоқталайық. «АҚШ пен Еуропалық Одақ сапарды жіті назарда ұстады. Ердуан Путинге барып, Батысты үркітті» (BBC). «Ресей Түркияны шығысқа тартуды армандайды. (Finansal Times). «Брюссельдің жүйкесі тозды» (Guardian). “Батыс оқшаулауға тырысқан Путин мен Ердуан бір-бірімен қол алысып, Батысқа күшті емеурін білдірді» (New York Times).

Батыста ақпарат құралдары өзін бейтарап деп есептейді. Бірақ олар белгілі бір елдің, аймақтық болсын, ғаламдық болсын, аса ықпалды күштердің сөзін сөйлейді. Сол ортада қалыптасқан қоғамдық пікірді білдіреді. Бұл әмбеге аян. Анадолыдағы аласапыраннан кейін мұхиттың арғы жағы да, бергі беті де қазіргі түрік билігін қызу қолдай қойған жоқ. Анкара мен Вашингтон арасында шешуі қиын Ф.Гүлен түйіні тұр. Американ Қарулы Күштері штаб бастықтары біріккен комитетінің төрағасы Жозеф Данфорд Түркияға келіп кетті. Ол көрген-білгенін Ақ үйге жеткізуге уәде берді. Іле-шала 24 тамызда мемлекеттік хатшы Джон Керридің Анкараға келетіні мәлім болды. Сарапшылар осы сапар барысында одақтас екі ел арасындағы қарым-қатынастың болашағы айқындалады деген пікірде.

Ал кәрі құрлықпен байланыс мәз емес. Қазір Австрия, Швеция секілді елдер қазіргі түрік билігін аяусыз сынап жатыр. Жақын ел саналатын Германия Ердуанның осы елде тұратын қандастарына бейнеүндеу арқылы үн қатуына рұқсат бермей қойды. Кельндегі алаңға келген мыңдаған түрік Анкарадағы билікті қолдау үшін жиналып еді. Түрік газеттері түгел дерлік Вена әуежайының қабырғасына ілінген құлақтандыруды суретімен жариялады. Онда «Түркияға демалуға барғаның, Ердуанды қолдағаның» – деп жазылған. Сірә, бұл түрік үкіметінің жанды жері – туризмге соққы беру мақсатымен жасалған сияқты. Өлім жазасы енгізілсе, Түркияға Еуропалық одақтың есігі жабылатынын Брюссель ашық айтты. Анкара да қарап қалмай, түрік азаматтарына виза жеңілдігін жасау жөніндегі келісім іске аспайтын болса, өзінің босқын қабылдауды көздейтін міндеттемеден бас тартатынын ескертті. Айта кету керек, Еуропалық одақ әлгіндей жеңілдікті 1 маусымнан бастап енгізуге уәде беріп еді. Ал одан бұрын Ұлыбритания үкіметінің бұрынғы басшысы Дэвид Кэмерон 3000-жылға дейін Түркияның осы одаққа мүше болуы мүмкін емес деген мазмұнда мәлімдеме жасады. Алайда Лондонның өзі Еуропалық одақтан шығып, ұйымның іргесін сөгіп кетті. Ал Анкара, Ердуанның сөзімен айтқанда, «53 жылдан бері есік алдында күтіп», уақытын текке өткізген сияқты. Өйткені, сыртқы істер министрі Мәуліт Чауышоғлы тұрғындар арасында Еуропалық одаққа деген сенімнің 50 пайыздан 20 пайызға дейін азайып кеткенін тілге тиек етті. Ол Еуропаның Түркияда мемлекеттік қызметкерлердің, судьялардың жұмыстан шығарылғанына наразылық білдіргенін айта келе, Батыс және Шығыс Германия бір-бірімен қосылғанда жүз мыңдаған немістің жұмыссыз қалғанын еске салды.

Ұлыбританияның жаңа премьер-министрі Тереза Мей өз елінің Ресеймен де, Түркиямен де қарым-қатынасын жақсартқысы келетінін білдірді. Осының өзі Батыста ортақ ұстанымнан гөрі әр елдің өз мүддесін көздейтін үрдіс басталғанын көрсетсе керек. НАТО да Мәскеу мен Анкараның жақындасуы әскери одаққа әсер етпейтінін мәлімдеді. Алайда Мәуліт Чауышоғлы жуырда өз елінің НАТО-дан қажетті деңгейде қолдау таппағанын айтты. Ол «Біз НАТО-ға мүшеміз, жауапкершілігімізді білеміз. ПКК *(Күрд жұмысшы партиясы)*, ДАИШ бізге шабуыл жасап жатыр. Ал НАТО көрінбейді» деді.

Түркия билігі Батысты ойландыру үшін Ресеймен жақын байланысқа барып жатырмыз демейді. Мемлекеттің стратегиялық мүддесінен туындап отырғанын алға тартады. Бұдан бұрын жазғанымыздай, Анкара бір жаққа басымдық беріп, көрші мемлекеттермен байланысын суытып алды. Енді үзілген жіпті жалғаудың амалын қарастырып жатыр. Түріктердің АҚШ және Еуропамен терең тамырлы байланысы бар. Одан бір мезетте бас тарту, тіпті мүмкін емес. Түркия жан-жақты қатынасқа мұқтаж. Сайып келгенде, қазақтың көпқырлы сыртқы саясаты дәл қазір түрік бауырларға аса қажет болып тұр.

3. Татуластырушы экономика

Ресей газын Түркияға жеткізуді көздейтін «Түрік ағыны» жобасы қайта қолға алынады. Сейсенбі күні Санк-Петербургте Түркия президенті Р.Ердуанмен кездесуден кейін В. Путин осылай деп мәлімдеді. Ердуан өз елінің Ресей газын Түркияға, одан әрі Еуропаға тасымалдауды жүзеге асыратын осы жобаны қолдайтынын хабарлады. Путин екі ел арасындағы қарым-қатынасты әлсіреткен дағдарысқа қарамастан, түріктердің осы жоба бойынша жұмысты тоқтатпағанын ризашылықпен атап өтті. Ол газ құбыры желісінің кейбір бөліктері бойынша шешілмеген түйткілдер бар екеніне тоқталды. 2014 жылы қолға алынған осы жоба бойынша жылына 63 млрд текше метр табиғи газ Қара теңіз табаны арқылы Түркияға, одан әрі Грекия мен Италияның оңтүстігіне жеткізілуі тиіс. Құрылыс толық жүзеге асуы үшін Еуропалық одақтың келісімі қажет.

Ресей мен Түркияның уағдаластығына қатысты Еурокомиссия әзірге өз көзқарасын білдірген жоқ. Еуроодақ бұған дейін Мәскеудің тағы бір жобасы – «Оңтүстік ағынға» техникалық талапқа сай келмейді деген себеппен бата бермеген. Ресей осыдан кейін түріктер арқылы жол табуға тырысты.

Екі ел басшылары Сирия мәселесіне тоқталған жоқ. Әңгіме экономикалық байланысты жандандыру төңірегінде өрбіді. Ресей «көгілдір отынды» баламалы бағыттар арқылы Түркия мен Еуропаға сатуға мүдделі. «Газпром» өткен жылы «Көгілдір ағын» құбыр желісі бойынша Анадолыға 27 млрд текше метр газ жеткізді. Биыл Қатар мен Израиль өз газын түріктерге ұсынды. Еврей мемлекеті Жерорта теңізіндегі Левифан кенішіндегі газдың мол қорын қысқа бағытпен Түркия мен Еуропаға жеткізгісі келеді. Жоба іске асса, орысты қыруар қаржыдан қағып кетеді. Мұнай мен газға қараған Ресейге ақша ауадай қажет. Мәскеулік интернет басылымдар жазғандай, биылғы жылдың алғашқы жартысында бюджет тапшылығы 1,5 трлн рубльге жеткен. Резерв қорынан осы мерзімде 1,2 трлн рубль алыныпты. Ал бюджеттің кіріс бөлігі 5,9 трлн рубльді құрады. Бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11 пайызға аз. Мамандар қордағы ақшаның алдағы жылы таусылатынын, ал экономиканың 2020 жылға дейін өспейтінін айтуда. Батыстың санкциясы тағы бар.

Түрік экономикасы да Ресей эмбаргосынан зардап шекті. Әсіресе, туризм. Тараптар чартер сапарын жалғастыру жөнінде уағдаласты. Былтыр осы сала елге 31 млрд доллар табыс әкелді. Ал биылғы сәуір – маусым аралығында түскен қаржы 5 млрд доллардан аспады. Тек орыс туристерінің келмеуінен 840 млн доллардан қағылды. Анталия мен Бодрумға турист жіберетін ресейлік компаниялар 230 млн доллардай зиян шекті. Дейтұрғанмен, Түркияның экономикалық әлеуеті мығым екенін айтқан жөн. Бір мысал. Бүлік басылар-басылмас, Standard&Poor`s агенттігі Түркияның рейтингін төмен түсірді. Түрік лирасының долларға шаққандағы бағамы 2,90-нан 3,08-ге, бірақ шапшыды. Тұрғындар ұлттық экономиканы қолдау үшін қолындағы 10 млрд долларын сатты. Соның нәтижесінде лира құнсыздануан аман қалды.



Срайыл СМАЙЫЛ

ШАРТАРАП

Петр ПОРОШЕНКО:

Айыптау жағдайды одан бетер ушықтырады

«Украина арнайы қызметінің Қырымға кіргені туралы ресейлік айыптау елімізге әскери қоқан-лоқыны күшейту үшін жасалып отыр». П.Порошенконың бұл мәлімдемесі Украина президентінің ресми сайтында жарияланды.

Ол «Украинаны жаманатты етіп көрсетуге тырысқан Ресейдің мұндай талпынысы халықаралық санкциялардан құтылуға көмектеспейді», – деп есептейді. Украина президенті Кремльдің әскери қимылдарды тоқтату туралы Минск келісімінің шарттарын орындайды деп үміттенгенін атап өтті.

Ресейліктер Астанада көлік ұрлады

Астанаға келген Ресейдің бес азаматы Range Rover Evoque көлігін ұрлап кеткен. Астана ІІД хабарлағандай, қымбат көлік Түркістан көшесіндегі үйде тұратын бір әйелге тиесілі болып шықты.

Ұрланған көлік Павлодардан, бірақ табылды. Ұрылар – Ресейдің бес азаматы, олардың үшеуі бұрын сотталғандар. Автокөлік гаражға жасырылыпты. Қазір автобарымташылар құрықталып, уақытша тергеу қапасына қамалды. Полиция олардың басқа да қылмысқа қатысы бары жоғын тексеруде.

Қырғызстанда зейнетақы өседі

Қазан айынан бастап Қырғызстанда зейнетақы өседі. Бұл туралы әлеуметтік қор төрағасы Теңізбек Әбжапаров пен бірінші вице-премьер Мұхаметқали Әбілғазиевтің Қырғызстан президентімен кездесуінде талқыланды. М. Әбілғазиевтің айтуынша, зейнетақы өскен соң оның орташа көлемі 5173 сом болады, яғни 10,2 пайызға өседі. Біздің ақшаға айналдырғанда шамамен 28 мың теңге.

ЕЛ БІРЛІГІ

ЖК

5

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Орайы келген сұхбат

«Қазіргі қиын жағдайда, экономикалық шиеленіс кезінде достық, татулық, бірлік деген ұғым аса қажет. Ол қай кезде де керек. Әлемдегі әлемтапырақ оқиғалар кезінде оның рөлі бұрынғыдан да күшейе түспек». Мәжіліс депутаты, Парламент Мәжілісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясы депутаттық тобының жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сауытбек Әбдірахманов Оңтүстік Қазақстан облысына ат басын бұрып, қала тұрғындарымен кездескенде осылай деді. Көкейлерінде күпті болып жүрген, әбден толғандырған мәселелер төңірегінде тұрғындардың пікірін тыңдап, сұрақтарына жауап берді. Өз кезегімізде депутат мырзамен біз де сұхбаттасып қалудың ретін тапқан едік.

Халықтар достастығы жайдақ ұран емес

Жас қазақ: Сізді жұртшылық, әсіресе жерлестеріңіз «Егемен Қазақстан» газетінің басқарма төрағасы ретінде жақсы біледі. Айтыңызшы, журналист пен мәжіліс депутатының арасында айтарлықтай айырмашылық бар ма?

Сауытбек Әбдірахманов: Әрине, халық қалаулысы болып қызмет ету үлкен жауапкершілікті жүктейді. Жұрт айта беретін «ұйқыдағы» депутат болуды кім жақсы көреді дейсіз? Оңтүстік өңіріне, туған жеріме келерде көп ойланып, толғандым. Мақсат – жалаң насихат жетегінде кетпей, халық ойланатын, халықтың жүрегінен орын табатын, ұлт татулығын дәріптейтін көңіл дәптерін парақтауды жөн көрдім. Өзіңіз байқаған боларсыз, қала тұрғындарымен кездесу өте қызықты, биік парасат аясында өтті. Көзі ашық, сауатты тыңдармандардың әр сала бойынша қойған сұрақтары, көңілі алаң ой-пікірлері, айтқан уәждері көкейіме қонды.

«Жалқаумыз. Ауыл тұрғындары күнделікті тұтынатын заттардың бәрін сатып алады. Нанға дейін. Нан жабуды да ұмытты. Қыз бала болсын, ұл бала болсын, осыдан барып жалқаулыққа ұрынады. Жазда шабындықта болып, күзде мақта теріп көрмеген. Маңдай терін төгіп, еңбек етпеген бала ертең қандай азамат болып шығады? Жастардың дені жалқау десем, өтірік емес»

Жас қазақ: Халықтар достығы, қоғамдық келісім, татулық, бірлік, этномәдени бірлестіктердің қоғамдағы орны өзекті мәселе екені даусыз. Осы тұрғыда ой-пікіріңізді таратып өтсеңіз?

Сауытбек Әбдірахманов: Оңтүстік өңірінде салауатты өмір қалыптасып жатқанына қуаныштымын. Мәжіліс депутаттары арасында «Ақжол», Коммунистік партияның да өкілдері бар. Әр партияның көзқарасы, ұстанымы, бағдарламасы, бір-біріне ұқсамайды. Дегенмен, түптеп келгенде, мақсат-мүддесі бір. Олар да елде тыныштық болғанын қалайды, қоғамдық келісімдердің жақсаруына мүдделі. Қазіргі қиын жағдайда, экономикалық шиеленіс кезінде достық, татулық, бірлік деген ұғымдар аса қажет. Ол қай кезде де керек. Әлемдегі әлемтапырақ оқиғалар кезінде оның рөлі бұрынғыдан да күшейе түспек. Қазір қиын жағдай қалыптасып отыр. Ең жақсы тұратын, барлық жағдайы орындалған үйден де бір сотқардың шығуы мүмкін. Сонау алпысыншы жылдардағы халықтар достығы өз нәтижесін беріп, егеменді еліміз тұсында да қызметін жалғастырды. Енді мұны жайдақ ұран ете қоймай, бұрынғыдан да шарықтата түсуіміз керек. Әлемдік экономикада іркілістер бар. Мұның өзі сайып келгенде, ел экономикасына елеулі өзгерістер әкелді. Өздеріңіз білесіздер, Еуропадан 15 жыл бойы ескі көліктерді тасыдық. Олар тоза бастаған көліктерінен құтылды. Түптеп келгенде, мұның бәрі елге кері әсерін, зиянын тигізіп, жалақы, салық азайды. Мысалы, «Тойота» концерні жұмысын тоқтатса, мыңдаған жұмысшы қысқарады. Мұндай жағдай елімізде орын алған жоқ. Елбасымыздың көрегенділігі, болашақты алдын ала болжап, батыл шешімдер қабылдай алатын саясаткерлігі арқасында, халықтар достығы мен қоғамдық келісімдердің жақсаруы нәтижесінде көптеген әлеуметтік құндылықтарымыз сақталып қалды. Дегенмен, мұнай бағасы көтерілсе, жағдайымыз жақсарып, төмендесе, қиындайтын халге де душар болып отырмыз. Мұны жақсарту, қалыпқа келтіру жұмыстары атқарылуда. Міне, осындай алмағайып заманда басты байлығымыз, достығымыз, татулығымыз қоғамдық келісім жөніндегі жүрек толқытар әңгімелердің қадірі арта түседі. Сондықтан, жүрегіміздегі достықты бұрынғыдан да еселеп, қастерлей біліп, ең алдымен Абай атамыздың: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген сөзінен бастағанымыз жөн. Бұрынғы, кеңес дәуіріндегі «халықтар достығы» деген штамптан шығуымыз керек. Адамды адам ретінде жақсы көріп, ол менің бауырым деп түсіну парасаттылықтың белгісі. Әр адамға «қазақстандық» деген көзқарас қалыптастырып, содан кейін барып қана қазақ, өзбек, орыс, ұйғыр деп қарасақ, біздің отаншылдығымыз, патриоттығымыз шынайы болады. Азаматтық біртектілік туралы Елбасымыз ашып айтты. Барлық Қазақстан азаматтары тең құқылы, тіліне, дініне, діліне қарамастан, барлық жағдай жасалуы тиіс. Біздің елде барлық этнос өкілдеріне бірдей жағдай жасалып, бірдей құқық берілгендігі – осының айғағы. Бұл – біздің халқымыздың бақыты. Осындай жағдайдан кейін «елімізде ерекше татулық, бірлік сақталып отыр» деп батыл айта аламыз. Оған сүбелі үлес қосып келе жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясы үлкен бірегей құрылым.

Жас қазақ: Сот жүйесіндегі жаңалықтар туралы айтып қалдыңыз?

Сауытбек Әбдірахманов: Сот жүйесіндегі әділетсіздікті халық аузынан жиі естиміз. БАҚ беттерінде парақорлық, жемқорлық көріністерін батыл айыптаған дүниелерді де көзіміз шалады. Енді бұдан былай сот жүйесінде кәдімгідей өзгеріс болады. Мәселен, сот процесі өтіп жатыр дейік. Сот процесі бір сағатқа созылады ма, жоқ, әлде сегіз сағат бойы өтеді ме, оған қарамастан, түгел жазылынып алады. Бейнебаянды қысқартуға, монтаждауға шектеу қойылады.

Жас қазақ: Билік дәлізінде болсын, басқа да мекеме, басқармаларда болсын аты-жөні беймәлім адамдардың басшылық қызметте отырғанын көреміз. Мұны қалай түсінесіз?

Сауытбек Әбдірахманов: Кеңес дәуірінде қызмет баспалдақтары қатаң сақталатын. Мысалы, аудан хатшысы болуын үшін міндетті түрде совхоз директоры қызметін атқару керек. Қазір жан баласы білмейтін адамдар кенеттен «жарқырай» қалады. Енді жас буындар жоғарыда айтып өткен этапты бастан кешіретін болады.

Жас қазақ: «Қазақ қашанда жалқау» деген ұғымның қалыптасқаны қашан! Десек те, еңбектің рахатын көріп отырғандар көп қой? Сіз осыған қатысты не айтасыз?

Сауытбек Әбдірахманов: Экономикалық тәуелсіздік болмайынша, саяси тәуелсіздік болмайды. Қазақстанда экономикалық өсу динамикасы сақталып отыр. Біз етті сырттан сатып алуға тиісті емеспіз. Бірақ еттің жартысын сырттан тасимыз. Бізде ет құда күту, әртүрлі тойларда көп пайдаланылады. Ысырапшылдық басым. Дайын асқа тік қасық. Ауылдық жерлердегі тұрғындар мал асыраудан қашады. Сылтауы – жайылымдық жер жекеге өтіп кеткен. Десек те, істің көзін табуға әбден болар еді. Жалқаумыз. Ауыл тұрғындары күнделікті тұтынатын заттардың бәрін сатып алады. Нанға дейін. Нан жабуды да ұмытты. Қыз бала болсын, ұл бала болсын, осыдан барып жалқаулыққа ұрынады. Жазда шабындықта болып, күзде мақта теріп көрмеген. Маңдай терін төгіп, еңбек етпеген бала ертең қандай азамат болып шығады? Жастардың дені жалқау десем, өтірік емес. Қара жұмыстан қашады, еңбек еткісі келмейді. Сырттай оқу бітіріп алғандары бірден бастық болып, мол айлыққа қол жеткізгісі келеді. Ашығын ашып айтсам, ауылдық жерлерде еңбекке деген көзқарас өзгеріп кеткен. Қара жұмыс атқаруға намыстанады. Панасыз қазақтарға айналғанымыз да шындық. Жұмыссыздықтан, не істерін білмегендіктен, теріс ағымдағы діни ұйымдар жетегінде кеткен жастарға жаным ашиды. Күні кешегі Алматыдағы атыс, Ақтөбедегі қанды оқиғалар осының көрінісі.

Жас қазақ: Үш тілді білу идеологиясының қоғамда әртүрлі көзқарас туғызғаны мәлім. Біреу құптайды, біреу құптамайды дегендей... Сіз құптайсыз ба?

Сауытбек Әбдірахманов: Әрине. Жаһандануды ешкім енді тоқтата алмайды. Ағылшын тілін жетік білетін, оны оқушыға түсіндіре алатын, сабақ беру әдісін толық меңгерген мұғалімдерді қайта даярлау керек деп ойлаймын. «Баланың миы ашып кететін болды» деп айтудың өзі ұят нәрсе. Енді отыз жылдан кейін туған бала ағылшын тілін білмесе, осыдан отыз жыл бұрын орыс тілін білмеген баладай күй кешетіні анық. Жасөспірімдер интернеттегі сайттарды жақсы меңгерген. Ағылшын тілін білетін жастар, әлем оқиғаларын, жаңалықтарын біліп қана қоймастан, ағылшын тілінде жазылған ғылыми еңбектермен сусындай алса, оның несі жаман? Ағылшын тіліндегі құнды мақалалардың бәрі орыс тіліне аударыла бермейді ғой? Оның үстіне аударма сапасы сын көтермейді.

Жас қазақ: «Не болса да Шымкенттен» шығады» деген жел сөз бар. Өзіңізбен қала тұрғындарының кездесуінде Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Балқия Көмекбаева ханым «Көлденең көк аттылардың табан астында журналист болып кететініне, газет ашып, адамдардың ар-ұжданына тиеді. Мұны реттейтін механизм бар ма?», – деп сауал тастады. Осы мәселені тереңірек талдап берсеңіз?

Сауытбек Әбдірахманов: Аналар кеңесінің төрайымының әуелі Қазақстан халқы Ассамблеясының оңтүстік өңіріндегі атқарылып жатқан ауқымды іс-шарасына тоқталғаны, шынында, жақсы істердің ұйытқысы болып жүргені көңілімді марқайтып тастады. «Ақ орамал» акциясының да тәп-тәуір басталғанын естіп жатырмын. Сіздерде 130 этнос тату-тәтті өмір сүруде. Жиырмадан астам этно-мәдени орталықтарыңыз бар. Оларға барлық жағдайлар жасалған. Мұның бәрі Елбасымыздың саясатын халыққа түсіндіру, насихаттау, оның бер жағында бірлік пен татулықты нығайту болып табылады. Ал нақты сауалына тоқтар болсам, журналистика – шын мәнінде, әркімнің наны. Заң бойынша Қазақстан азаматы газет ашуға, кәсіпкерлікпен айналысуға құқылы. Әрине, азаматтардың ар-ожданына нұқсан келтіру, жала жабу жауапкершіліктен құтқармайды. Ол сотта қаралады. Егер рушылдықты, ұлт араздықты маздататындай мақала жариялап жатса, ондай басылымдарға тосқауыл бар. Тағы бір қосарым, өздеріңіз білесіздер, Алматыда атыс болды. Діни ағымдағы жас жігіт қаншама адамның қанын төкті. Міне, осы мәселенің байыбына бармай жатып, деректерді дәйектемей жатып, эмоцияға беріліп, тақырыбын оқырмандарға айқайлата қойып, сенсация қуған басылымдар да болды. Бұл, әрине, қай басылым болмасын абырой әкелмейді.

«Енді отыз жылдан кейін туған бала ағылшын тілін білмесе, осыдан отыз жыл бұрын орыс тілін білмеген баладай күй кешетіні анық»

Жас қазақ: Әлгінде жиын барысында дінге қатысты сұрақ қойғандар болды. «Діни бірлестіктер білгенін істеп жатыр» деді. Жастардың жат ағымдарға кетіп жатқаны, Парламентте діни бірлестіктер тексеріле ме? – деген сауал ойландырмай қоймайды. Осы мәселе жайында газет оқырмандарына қандай жауап берер едіңіз?

Сауытбек Әбдірахманов: Дін мәселесі өте нәзік. Қазақстан зайырлы мемлекет. Дін – саясатқа, қоғамдағы орын алып жатқан мәселелерге, көпшілік көкейіндегі түйткілдерге, басқа да мемлекеттік іс-шараларға араласа алмайды. Мұны бәріңіз білесіздер. Егер кез келген діни бірлестіктер ұлт араздықты қоздыратын мәселелермен айналысса, терроризмді насихаттаса, тәртіпке шақырылады, жазаға тартылады.

– Әңгімеңіз үшін әр оқырман алғыс айтады деп сенеміз! Рахмет сізге!

Сұхбаттасқан Мұхтар ШЕРІМ

Кеңес

Медиация туралы айтылды

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен «Медиация күні» республикалық акциясы аясында ашық есік күні өтті.

Жиынға судьялар, медиация орталықтарының басшылары, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, облыстық этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық келісім кеңесінің төрағалары қатысты. Іс-шараның басты мақсаты – өңірдегі медиация қызметі саласын дамытудың мақсаты мен міндетін түсіндіру, тұрғындарға облыстағы медиация орталығының жұмысын хабардар ету. Акция аясында судьялар мен кәсіби медиаторлар қоғамдық қабылдау өткізіп, тұрғындарға құқықтық кеңес берді. Бүгінгі таңда, облыс әкімдігі жанынан және облыстың қалалық, аудандық, ауылдық әкімдіктерінің жанынан барлығы 106 медиация кабинеті ашылған.

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Белес

Әлем мұрасы болуға лайық

Халықаралық сарапшылар тобының Маңғыстау өңіріндегі Үстірт мемлекеттік табиғи қорығын ЮНЕСКО әлемдік мұра тізіміне іліктіру бойынша аянбай жұмыстанып жатқанына бірнеше жыл болды. Мәселенің маңыздылығы соншалық, ағымдағы жылы Президент Әкімшілігінің тапсырмасымен осы түйткілді мәселені жан-жақты талқылау үшін Маңғыстауда жұмыс тобы құрылды. Комиссия кеңесі өтті, алайда қоғам үні әлі де анық емес.

Үстіртті таңдаудың себебі неде? 40 пайызы Маңғыстау өлкесінің аумағында орналасқан Үстірт шоқысы қызықты палеонтологиялық нысандармен белгілі: онда миллиондаған жылдар бұрын Тетис мұхитында өмір сүрген, бүгінде тасқа айналған акула тістері, ұлу қабыршақтары, теңіз кірпілерінің қабықтары, балық, киттердің сүйектері бар. Түпқараған түбегінің Жығылған мүйісінде гиппариондық фауна өкілдері – жануарлардың тасқа айналған ерекше, теңдессіз іздері табылды. Ғасырлар бойы Үстірт өркениеттің торабы болып, көптеген халықтардың іздерін, таңбасын көз қарашығындай сақтаған екен. Сәулетті кесене-мазарлар, ортағасырлық қорықтармен бірге Үстіртте мұсылман қауымы үшін қасиетті де киелі жерлер аз емес. Оның ішінде ең танымалы – жыл сайын мыңдаған жандардың баратын жерасты Бекет-ата мешіті. Бүгінде үкімет жаһандық экологиялық қормен тізе қосып, Үстірт қорығының аумағын кеңейту бойынша жоба құрып, жүзеге асырмақ. Жоба тапсырмасына сәйкес, қорық аймағы 223 342 гектардан 927 350 гектарға ұлғаюы қажет. Сондай-ақ оның құрамына Маңғыстау облысына тән негізгі экожүйелер енуі тиіс. Бұл халықаралық табиғатты қорғау одағының қызыл тізіміне енген, ерекше қорғалған ителгі, жорға дуадақ, қарақұс, дала қыраны, жұртшы, тазқара, дала күйкентайы, қарақұйрық және т.б. жануарлардың негізгі мекендерін сақтауға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Сарапшылар сөзінше, Үстірт қорығы критериялардың қосындысы бойынша әлемдік маңыздылығы жағынан жоғары дәрежеде тұр, оның жоспарлы кеңейту, дамуынан соң ЮНЕСКО әлемдік мұра тізімінің нысан мәртебесін иеленуі әбден мүмкін.

ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы әлемдік мұра ұлттық комитетінің хатшысы Маджер Масановтың ойынша, Үстірт қорығы адамзат үшін табиғи және мәдени маңызы бар мұра болып табылады. Аталмыш нысан ЮНЕСКО әлемдік мұра тізіміне *(табиғи және мәдени мұра)* аралас нысан ретінде енуге әлеуеті мол. Бұл мақсатқа қол жеткізсек, ол ТМД елдері аумағындағы алғашқы аралас мұра нысаны болмақ.

2015 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумның туризм және саяхат саласындағы бәсекеге қабілеттілік бойынша рейтингісіне сәйкес, Қазақстан 141 елдер арасында 85-орында тұрғанын атап өтсек, артық болмас. 2012 жылғы рейтингте Қазақстан 88-орында орналасқан еді.

– Үстірт мемлекеттік табиғи қорығын аймағын кеңейтіп, ЮНЕСКО әлемдік мұра тізіміне енгізу арқылы бәсекеге қабілеттілігімізді арттырып, ел туризміне, өңірдің тұрақты дамуына тың серпіліс әкелеміз, – дейді «Эко Маңғыстау» үкіметтік емес ұйымның директоры Кирилл Осин.

Алайда қорықтың кеңеюіне және ЮНЕСКО әлемдік мұра тізіміне іліктіруіне «ҚазМұнайГаз» ұлттық компания» АҚ Үстірт қорығының оңтүстік шекарасына жақын орналасқан Қансу газ кен орнын игеру бойынша жоспарлары үлкен кедергі болып тұр.

«Дронт» экологиялық орталық жанындағы қосмекенділер мен жорғалаушыларды қорғау ұйымының үйлестірушісі, биология ғылымының кандидаты Марка Пестова «Бұл қорықтың экожүйесіне, кеңейту және әлемдік мұра тізіміне енуіне орасан зиян тигізетіне белгілі. Кен орынның инфрақұрылымы дамуының нәтижесінде орын алатын қуатты факторлардың салдарынан кем дегенде, қорықтың оңтүстік жартысы Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген жануарларға мекен етуге жарамсыз жер болып қалуы ықтимал. Үстірт қорығының айналасындағы аймағы түрлі компаниялармен көмірсутек шығару мақсатында кейінге сақталғаны бізді алаңдатады. Бұндай жоспарларды жүзеге асыру – қорықты құрту, жою», – деді.

Қоғамдық экологтардың тағы бір толғандыратын түйткілді мәселесі – газ кен орнын игеру салдарынан қоршаған ортаға тиетін зиян-зардабы.

– Газ кен орнын игерудің заманауи әдістері өзгермейінше, қоршаған ортаға зиянды әсерін тоқтату, алдын алу мүмкін емес. Сондықтан газ шығарудың жаңа технологиясы, әдістемесі пайда болмағанша, Қансуды тоқтатқан жөн деп ойлаймын, – деді «Облыстық Қарағанды экологиялық мұражайы» ҚС сарапшысы Юлия Калмыкова.

Экономика мен әлеуметтік саланы өрлету мақсатында көмірсутек шикізатын шығару және мұнай-газ кешенін дамыту маңызын, қажеттілігін түсіне отырып, сарапшылар Қансу кен орнын игеру және барлауына мораторий қойып, Үстірт мемлекеттік табиғи қорығынан алшақ орналасқан Самтыр кен орнын игеру мен барлауға күш жұмсаған абзал деп есептейді. Аталмыш кен орнын игеру аймақтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге септесіп, сондай-ақ экологиялық заңнамаларды берік ұстану арқылы қорықтың экожүйелеріне аса қауіпті әсер етпейді.

Халықаралық және отандық сарапшылар бұл көкейкесті мәселеге немкетті қарамай, бір ымыралы шешімге келуін сұрауда. Себебі ЮНЕСКО әлемдік мұра тізіміне Маңғыстау өңіріндегі табиғи байлықты іліктіру алдағы жылдары сәтті аяқталады деген үміт зор. Расымен де, ертеңгі ұрпаққа мирас болар қазынаны, туризмнің дамуына тың серпінді өзіміз бағаламасақ, өзгеден не күтеміз?!

Ханым ҚУАТ

Келісім

Генератор өзімізде жасалды

Ақтау қаласында төмен вольтты электр моторлары мен генератор жинайтын және жөндейтін бірлескен қазақ-румын кәсіпорны құрылмақ. Бұл туралы «Маңғыстау индустриалдық палатасы» заңды тұлғалар бірлестігі төрағасының жұртшылықпен байланыс жөніндегі кеңесшісі Нұрбол Оқуов хабарлады.

Жуырда өңірімізге іспармен келген Бухарест электр машинасы зауытының өкілдері (UMEB Elektromotoren) маңғыстаулық кәсіпкерлерге жаңа зауыттың жұмысы туралы айтып берді. Әлемдегі төмен вольтты электр моторлары мен генератор өндіретін бірінші UMEB Elektromotoren румындық компания өз жұмысын 1903 жылы бастаған болатын. Бүгінде бұл кәсіпорнында шығарылатын қозғалтқыштардың 60 пайызы Италия, Германия, Финляндия, Испания, Ұлыбритания сынды шет мемлекеттерге экспортталады.

Бұдан былай маңғыстаулық кәсіпорындар өндіріске қажетті тауарларды сырттан сатып алмай-ақ, жергілікті жерде тапсырыс бере алады. Әсіресе азық-түлік өнімдерін шығаратын фабрика, тоқыма және металлургия өнеркәсібі, химия, құрылыс материалдары және т.б. мекемелер тапсырыс беруіне болады.

Шығыс Еуропаға кеңінен танылған UMEB компаниясының өнімдері көбіне кен орындарда сұранысқа ие. Сондай-ақ қазіргі еуропалық стандарттарға сәйкестендірілген. Негізінен, зауытта үш фаздық асинхронды қозғалтқыштар, тұрақты тоқ генераторы, ілеспе және электр генераторлар көптеп шығарылады. Электр қозғалтқыштар жарылыс қаупі жоқ ортада көп пайдаланылады. Химиялық және мұнай-химиялық, тау-кен және металлургиялық өндіріс, ауыр жүк көтеруге арналған тартқыш қозғалтқыш, қала көлігі, сонымен қатар электр генераторлар мен генератор қондырғысын өндіруші зауыттар тапсырыс берушілер қатарын көбейтіп отыр. Барлық қозғалтқыштар көптеген елдерде кез келген климатқа төзімді келеді. Әсіресе СЕ таңбасын енгізген мекемелерде ешқандай қиындық туғызбайды», – деді UMEB қорының Азиядағы өкілдігінің директоры Василий Друмя.

Мамандардың айтуынша, жарылу қаупі жоқ электр қозғалтқыштары көбіне газбен, жанармай қоспасы және тез жанғыш сұйықтықтан төнетін өрт немесе басқа да жарылғыш заттарға есептеліп шығарылады. Яғни сәл қауіп төнетін жерде қозғалтқыштардың жарылу қаупі жоқ. Бұл құрылғы көбіне химиялық және мұнай-химиялық өндірісте, мұнай өңдеу зауыттарында, мұнай платформаларында, газ құбыры, фармацевтикалық, графикалық, жылу электр стансаларында, кеме зауыттары, өңдеу өнеркәсібі және оффшор платформаларында пайдаланылады. Осындай қозғалтқыштарға қоқысты жинау және қайта өңдеу, нан, қант, күріш, шағын сүт зауыттарынан сұраныс көп екен.

Ал Ақтауда жұмысын бастағалы отырған төмен вольтты электр моторлары мен генератор жинайтын және жөндеу зауыты қаладағы өндіріс аймағында орналаспақ. Алғашқы кезеңде жергілікті 20 тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылып, Румынияда білімдерін жетілдіреді.

Қазіргі уақытта «Маңғыстау индустриалдық палатасы» заңды тұлғалар бірлестігі қазақ-румын бірлескен кәсіпорнының бизнес-жобасын сүйемелдеумен айналысуда.

«Маңғыстау индустриалдық палатасы» ЗТБ төрағасы Ғалымжан Балтілеу «Біздің сарапшылар мониторинг жүргізген болатын. Нәтижесінде талдау қорытындысы көрсеткендей, аймаққа мұндай кәсіпорынның керек екендігіне көз жеткіздік. Румындық әріптестермен келіссөздер жүргізген соң, серіктестікті әділет органында тіркеу, экономикалық және заңды мәселелер жөнінде кеңестер, жергілікті кәсіпорын басшыларымен екіжақты кездесулер ұйымдастыру және тағы басқа жұмыстарды қолға алдық. Аталған қызмет түрлері біздің тарапымыздан тегін көрсетілуде», – деді.

Broadhurst Industriak Management қорының президенті Мариус Ионның мәлімдеуінше, ауыспалы және тұрақты тоқ өндіретін электр қозғалтқыштары, электр агрегаттары мен генераторлары түрлі бағытта шығарылады. Әсіресе бір және үш фазды электр агреттарына деген сұраныс күн өткен сайын артып келеді.

Уағдаластық

Үш басым бағыт

Норвегия Королдігі елшісінің Астанадағы миссия басшысының орынбасары Вегард Стенсруд өңірлік кәсіпкерлік палатасының басшылығымен кездесу өткізіп, ынтымақтастық төңірегінде әңгіме қозғады.

Екі жақты кездесу барысында өңірлік кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Талғат Ноғаев бизнестің буынын бекіту, кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейту жөнінде және алдағы мақсат-міндеттер туралы әңгімелеп берді.

Ол «Алдымен, бізді халықаралық стандарттарға сәйкес, мұнай-газ саласына қажетті мамандарды даярлаудағы тәжірибелеріңіз қызықтырады. Оның үстіне, біздің білуімізше, Норвегия балық шаруашылығын дамытуда көш бастап тұр, бұл тәжірибеге де қызығушылық танытып отырмыз», – деді.

Вегард Стенсруд Норвегияның Қазақстандағы елшілігі инвесторларға еліміздің кез келген аймағында өздерінің бизнесін кедергісіз жүргізуге ықпал ететіндігін атап өтті. Сондай-ақ Норвегияның экономикасы жаңа әріптестер табуға мүдделі екенін, әсіресе мұнай-газ саласы, туризм, балық шаруашылығын дамыту бойынша бірқатар ұсыныс қабылдауға дайын екендігін жеткізді.

Басқосуда сөз алған кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының директоры Олжас Қаржауов бірлескен жобаларды жүзеге асыруға болатынын хабарлап, өңірдің бизнес ахуалымен мұқият танысып шығуға шақырды және аймақта кәсіпкерлікті өркендетуге барлық жағдай жасалғандығын айтып өтті.

О.Қаржауов «Өңірлік кәсіпкерлер палатасы өзінің қызметін кеңейту үстінде. Жуық арада облыс әкімдігі инвесторлармен жұмыс жасау жөніндегі басқарманың функцияларын палатаға береді деп күтілуде. Биыл біз негізгі үш басым-бағытты айқындап алдық. Олар – балық шаруашылығы, туризм және агроөнеркәсіп кешені. Оның ішінде мал және егін шаруашылығын дамытуды қолға алатын боламыз. Алдағы уақытта маңғыстаулық бизнес-делегация Германия және Норвегия елдеріне барады деп жоспарланып отыр. Менің ойымша, елшіліктің көмегімен біздің жоспарымыз ойдағыдай жүзеге асады деп сенемін», – деді.

Вегард Стенсруд екі ел арасындағы әріптестік қарым-қатынас жаңа деңгейге шығатынына сенімді екендігін жеткізді.

«Қазір қай мемлекетке болмасын оңай емес. Осыған қарамастан, норвегиялық және қазақстандық компаниялардың көп болғандығын қалаймыз. Біздің ел балық шаруашылығын дамытуда тәжірибесі мол. Каспий теңізінде балықтың түрі бар, демек, сіздерде тәжірибе жоқ емес. Бұл ретте біз ортақ мәмілеге келе алатынымызға сенімдімін, – деді Норвегияның сыртқы саяси ведомстваның өкілі.

Келіссөздер жүргізу барысында тараптар болашақта тығыз байланыс орнатуға уағдаласты.

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ

Байқау

Көркемсөз кездесудің ажарын ашты

Талдықорған қаласында жыл сайын дәстүрге айналған Оралхан Бөкей оқуларының облыстық байқауы өтті. Байқауға 18–25 жас аралығындағы жастар қатысты. Алматы облысы Тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өткен көркемсөз оқулары мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, ана тілімізді қадірлеу, құрметтеу сияқты мақсатты көздейді. Қатысушыларға жазушы Оралхан Бөкейдің прозасынан үзінді оқу және елге белгілі ақынның бір өлеңін мәнерлеп оқу талабы қойылған. Алматы облысына қарасты 16 аудан, 3 қаладан қатысқан 36 үміткер өз бақтарын Бикен Римова атындағы драма театр сахнасында сынады.

Қатысушылардың бірі – «Сайтан көпірде» өмір туралы толғанып, өлі мен тірінің тіршілігін, өн-болмысын ажыратып бақты. Алатай жайлауы мен ауыл арасын жалғап тұрған «Сайтан көпір» талайлардың көз жасына қалған. Аспан шалдың да екі аяғынан айырылып, тұл мүгедек болуына себепкер болған да осы көпір еді. Өмір мен өлімнің арасындағы арпалыс пен адамның жан қиналысын Оралхан тілімен жеткізгенде, сай сүйегімізді шымырлатқаны анық. Енді бірі «Атаукере» повесіндегі Тағанның «Неге біз осы...» деп басталып, ұзын-сонар философияға құрылған монологін оқып, тағдыр талайы мен күйзеліске түскен адам өмірін көз алдымызға әкелді. Отызыншы жылғы құғын-сүргінді әшкерелеген, шындығын айтқысы келген жанның жанына жара, жүрегіне өшпестей дақ қалдырды, өмірін кезбеге, маскүнемдікке айналдырды. Ауыр күйзелістегі Тағанның монологі бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Сонысымен құнды. Оны тыңдап отырған адамның бойында бір сілкініс болатыны анық еді.

«...Неге біз осы адамзатты тазартпаймыз, а, неге? Жер – ол да алып үй, ол да баспанамыз, олай болса қағып-сілкіп, желдетіп, шаң-тозаңнан арылтып, дімкәстіктен, арам пиғыл, теріс көзқарас, дүниеқоңыз ниет-пиғылдардан айықтырса ғой» дейді кезекті монологінде Таған. Оралхан Бөкей қазіргі күні де өзекті болып тұрған тарихи сананы жаңғырту мәселесі туралы ұлттың кем-кетігін түгендеуге мұрша болмаған кеңестік қоғамда да кейіпкерінің аузымен айтып кетті:

«Біздер, тарих-ананы қатты ренжіттік. Өз ұлтымыздың тарихын кісендеп ұстадық, киесі ұрады деп білмедік. Шала-жансар жасалған оқулыққа сендік, шабына от түссе де айтайық: Өкімет басында отырғандардың бар-барлығына сендік, ал олардың ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс болды. Міне, сондықтан да халық адасты, қайсысының қай сөзіне сенерін білмей сенделді, олардың біріне-бірі жала жауа қуып, бірін-бірі жоққа шығаратын теңіз толқыны секілді айбынынан сескенді».

Оралхан Бөкей шығармалары әлі маңызын жоймаған өміршең тақырыптарды қаузаумен қатар, тілінің көркемдігімен де қазақ әдебиетінен ойып орын алады. Жазушының шығармаларын насихаттау мақсатында биыл 18-ші рет өткізіліп отырған көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы оның қатысушыларына өмірдегі ең үлкен сый береді. Ал адам жаны үшін ең үлкен сый – рухани баю, рухани тазару. Байқау жеңімпаздарын марапаттау кезінде қазылар алқасының төрайымы Б.Римова атындағы драма театрдың директоры, актриса Ғалия Темірбаева қатысушыларға қарата: «Сіздер, өнердің өлкесіне келген жансыздар. Өнер өлкесіне келген адамдар ешқашан жамандыққа бармайды. Сіздердің бұл байқаудан үлкен ұтыстарыңыз сол болмақ» деді. Сондай-ақ қазылар алқасының төрайымы үміткерлердің кем-кетігін айтып, ендігі жерде есте ұстар қағидаларды да тілге тиек етті. Оның айтуынша, көркемсөз оқу үшін ең бірінші оны түсіну керек, шығарманың айтар ойын дәл тауып, түсініп, кейіпкердің образын бойына сіңіріп барып оқыса, сонда тыңдарманның жүрегіне жетеді. Сөз құдіретін жүрекке жеткізе алған адам ғана нағыз көркемсөз оқу шебері болады. Осы ұстанымды берік ұстаған қатысушылар жеңімпаз атанды. Байқауда бас жүлдені алған Қадыржан Сабырақын өзінің жеңісін туған өңірінің өнерге жақын, өлеңге құштар ел екендігімен байланыстырады. Ол алдағы уақытта республикалық Оралхан Бөкей оқуларында облысымыздың намысын қорғайды.

Қадыржан САБЫРАҚЫН,
Райымбек ауданы:

– Мен бүгінгі байқауда «Атаукере» повесінен үзінді алдым. Басы бар, ортасы, соңы бар, айтпақ ойы бар Тағанның монологін оқыдым. Шағын ғана монологта Тағанның өмір туралы, қоғам, адам туралы толғанады, түйдек-түйдек пәлсапа айтады. Шығарманы оқып тұрған адам өзі түсінбесе, тыңдарман екібастан түсінбейтін болғасын, мен барынша Тағанды болуға және оның жанын түсінуге тырыстым. Ғалымдар зерттеуі бойынша, су жердің қасиетін, адамдардың өздерінің мәнерін, өмір сүру салтын түгелдей сіңіріп алады екен. Сол суды ішкен адам соған лайықты болады. Оның үстіне, Райымбек ауданы «Мұқағалитану» сабағын тұрақты түрде оқытады. Мұқағали туған өңір болғасын, ондағылардың барлығы ақынның өлеңін жатқа біледі. Өз басым, Мұқағалидың 200-ден астам өлеңін, 4 поэмасын жатқа білемін. Біздегі орта да, тәрбие де сондай. Өлең мен өнердің ортасы. Барлығы поэзияға құштар, сөз қадірін түсінеді. Менің жеңісімнің бір сыры осында жатыр деп ойлаймын.

Қырмызы МҰХТАРБАЕВА,
Қарасай ауданы:

– Бұл байқауға бірінші рет қатысып тұрмын. Жасым – 20-да. Қаскелең мәдениет колледжін бітірдім. Көркемсөз жаттау, оқу, оның тереңіне бойлап түсіну адамға рухани байлық береді. Мен бесінші сыныптан бастап көркемсөз оқу, проза, поэзия жаттауға, оны мәнерлеп оқуға дағдыландым. Ұстазым – Айза Жұбанова сахнаға жетектеп шығарып, сөз құдіретін түсінуге септігін тигізді. 8-сыныптан бастап республикалық, облыстық байқауларға қатыса бастадым. І. Жансүгіров, М.Мақатаев, Ш.Құдайбердиев, Махамбет, Т.Айбергенов, Ф.Оңғарсынова атындағы оқуларға қатысып жүремін үнемі. Жақында «Ұлан байтақ Қазақстаным» атты Қазақстан Республикасының 25 жылдығына арналған байқауға қатыстым. Міне, осы байқаулардан жинаған тәжірибем, өзімнің талабым мен қабілетімнің арқасында бүгінгі байқаудан жүлделі орын алып отырмын. Өте қуаныштымын.

Кендебай ТЕМІРБАЙҰЛЫ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері, қазылар алқасының мүшесі:

– Қатысушы жастарымызға 3, 5, 7 минуттан аспайтын жазушы шығармасынан үзінді оқуға мүмкіндік бердік. Бірақ сол 3 минуттың өзінде Оралхан ағамыздың айтар ойын, берер тағылымын түсінуге болады. Үміткерлер үзіндіні үзіндіге жалғап, әдемі үйлестіріп, біртұтас ойды беруге тырысты. Бұл кейінгі кезде жазушы шығармаларын ұрпаққа жеткізуде жасалып жатқан үлкен жұмыстың бірі, оны облыстық тілдерді дамыту басқармасының қолға алып жүргені өте құптарлық. Бұл байқау адамды өсіреді, рухани тазаруға, әдемі сөйлеуге дағдыландырады. Сондықтан, ол әрі қарай жалғаса беруі керек. Әлі талай ұрпақты осындай байқаумен тәрбиелеп жатсақ, біз үшін соның өзі үлкен жетістік.

Байқауда талдықорғандық Әйгерім Жадырашова бірінші орын, Қарасай ауданынан келген Қырмызы Мұхтарбаева екінші орын жүлдесін алып, ақшалай сыйлықпен марапатталды.

(Суреттер автордікі)

Білім

Жаңарған білім ордасы

Жаздың соңғы айы ата-аналардың балаларын мектепке дайындау, кітап-құралын алып беру мәселесімен қарбаласады. Ал білім беруші мекеме оқушылардың жаңа оқу жылына ерекше құштарлықпен келуіне жағдай жасайды. Қазіргі кезде Талдықорған қаласының өзінде 11 мектепте күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның барлығы қыркүйек айының бірінші күні оқушыларына су жаңа мектеп болып, есігін айқара ашпақ. Сол сияқты Қаратал ауданында да шағын орталығы бар, заманауи үлгідегі, соңғы технологиялармен жабдықталған білім ордасы оқушыларын қарсы алмақ.

Қаратал ауданы Үштөбе қаласында шағын орталығы бар Ілияс Есенберлин атындағы орта мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп жатыр, – деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жобаның сметалық құны 365 миллион теңгені құрайды. Жөндеу жұмыстары мамыр айында басталған болатын. Білім мекемесінің жаңартылатын ғимаратының алаңы 1550 шаршы метр. Мектептің жанында орналасқан шағын орталық 50 орынға лайықталған, оның ауқымы 437 шаршы метр.

Бүгінгі күні нысанда іргетасын, қабырғасын бекемдеу, шатырын ауыстыру жұмыстары толығымен жасалып бітті. Сонымен қатар ғимарат ішінде су және жылу жүйелерін орнату ісі аяқталды. Электр монтаж жұмыстары 90%, ішкі әрлеу жұмыстары 70 пайызға тәмамдалған. Сондай-ақ ғимараттың қасбеті мен сыртқы инженерлік жүйелері де жаңартылуда. Мектеппен қатар шағын орталықта да жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

Жалпы, құрылыс алаңында 140 адам жұмыс істейді, олардың тең жартысы – жергілікті тұрғындар. Құрылысшылардың негізгі күші – мектеп ғимаратына салынуда, себебі 1 қыркүйекке дейін жаңарған, жаңғырған мектеп оқушыларды қабылдауға дайын болуы керек. Ал жалпы құрылыс жұмыстары толығымен биылғы жылдың желтоқсан айының алғашқы онкүндігінде бітеді деп жоспарланып отыр.

Мектеп ғимаратының жаңартылуы нәтижесінде мұнда оқушыларды еңбекке баулитын арнайы кабинет, сол сияқты заманауи құрал-жабдықтары бар мультимедиялық кабинет пен компьютерлік бөлме де болады деп жоспарланған. Мектеп ауласында футбол, баскетбол және тренажер алаңдары бар. Спорт кешені де оқушылардың игілігі үшін жасалынады. Соңғы үлгіде жабдықталған мектепте балалар тек алаңсыз білім алу үшін барлық жағдай қарастырылған.

Жалпы, Алматы облысы бойынша 733 жалпы білім беретін орта мектеп, 337 балабақша және 432 шағын орталық жұмыс істейді. 4 мектеп-интернаты, 14 мектеп жанындағы интернат, 5 балалар үйі *(оның 3-і жекеменшік)* және отбасылық үлгідегі 7 балалар үйі *(1 жекеменшік)*, 1 жасөспірімдер үйі, 1 кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы, 38 *(32 – мемлекеттік, 6 – жекеменшік)* қосымша білім беру мекемелері, 7 арнайы мектеп-интернат, 7 облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, 15 психологиялық-педагогикалық коррекциялық кабинет және 70 колледж білім мен тәрбие береді.

Бетті дайындаған Шынаргүл ОҢАШБАЙ

ӨМІРДІҢ ӨЗІНДЕН

Тілсіз тіпірлігін жасап жүр...

Әуелі қолыма қараған. Содан соң аяғыма. Әнтек жымиып күлді. Күлкісі уылжып тұр екен. Себепсізден себепсіз күле салған жас сәбидің бейкүнә күлкісіне ұқсас. Екі қолын қайда сыйғызарын білмеген кісіше оң жақ қапталында тұрған, құрал-саймандары салынған ағаш жәшіктің ішін аударып-төңкеріп әлденені іздестіре бастады. Мен де қолымдағы тілдей блокнотым мен қаламымды ыңғайлай бердім.

Шынын айтқанда, бастап кету қиын еді. Өте қиын болатын. Табиғи кемістігін еске салып, ескі жаранын, аузын тырнау қайдан оңай болсын. Толқып тұрсам да аз уақыттың ішінде бойымды жинап алып, ақ қағаздың бетіне «сәлеметсіз бе?» деп жаздым. Амандасу парыз. Ол да жазды. Бірақ орыс тілінде. Бәлкім, солай ыңғайлы шығар. Орыс тілінде оқуы. Қазбалап сұрау ыңғайсыз еді. Онсыз да сұхбатқа келісімін әзер алғанмын. Алдында қолымен нұсқап, саусақтарын шошайтып үзілді-кесілді қарсылық танытқан. Мүмкін ұялған шығар. Келесі сұрағымды сабақтадым.

Сөйтсем, аяқкиім шебері Нұрлан Ғалиев Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Уәлиханов ауданының Амангелді ауылында 1963 жылы туған екен. Жалғыз аяқкиім ғана емес, ағаш шебері де. Құрылысқа қатысты қыруар мамандықты түгелге жуық игерген. Әуелі машина-трактор шеберханасында жұмыс істепті. Кейін ағаш тілген. Ағаш цехында әртүрлі бұйымдар жасаған. Құрылысшы болып та істеген. Күнкөріске жарайтын кәсіптің кез келгенінен бойын тартып көрген емес. Қолынан келмейді деп те айтпаған. «Басқа түссе баспақшыл» демекші, бар сенгені екі қолы болған соң қара жұмыстың қай-қайсысын да кәтепті қара нардай арқалап жүре берген ғой.

Енді негізгі сауал. Тілден айырылғаны хақында. Атам қазақта «жазмыштан озмыш жоқ» демей ме? Бірінші сыныпта оқып жүргенде қан қысымы көтеріліп, сол аурудың салдарынан тілден айырылған екен. Ал жазуы жіпке тізген моншақтай тап-таза. Күнде қалам ұстап жүрген біздің өзіміз дәл осылай жаза алмаушы едік. Ақ қағаздың бетінде алма-кезек біріміз сұрақ қойып, екіншіміз жазып жауап беріп тұрып, тұңғыш рет жазуымның атамның қараусыз қалған шарбағы сияқты қисайып, әріптерімнің бір-біріне міңгесе жығылып, құлай сүрініп түсіп жатқанына қынжылдым.

Етік тігуді, жыртылған жерін жамап-жасқауды өз бетінше үйренген. Қолмен атқарылатын шаруаның қай-қайсын болмасын бір көріп алсам, өз бетіммен істей беремін деп қояды. Екінші бір сөйлемі мұның не қиындығы бар деумен шектелді. Және үстемелеп оқуы жоқ қой деп қояды. Оқуы неге болмасын бар. Тек соны оқуға, оқыған соң кәдеге асыруға кежегеміз кері тартып жүр ғой.

Тапқан табысы тамағына ғана жетеді екен. Шебердің жазуына қарағанда жаз айларында келетін клиент аз. Құдай қаласа, күзге қарай көбеймек. Ауылдан студенттер келеді ғой деген жазу түсті ақ қағаздың бетіне. Иә, студенттердің жалаң аяқ жар басып жүргені де рас. Өзі де екі баласын оқытып, жетілдіруде. Үлкені қыз бала. Зайыры қанға тартқан қасиет болуы мүмкін қолы епсекті. Әр нәрсеге икемі бар. Ең бастысы да сол. Оған қоса, ниет-ынта болса жетіп жатыр. Ал ұлы Назарбаев зияткерлік мектебінде оқиды. Пәтері бар. Зайыбы үйінде бала тәрбиесімен отыр екен.

Бұл жерге байлар бас сұға бермейді. Жұлығы жыртылған, аузы ашылған, өкшесі қисайған аяқкиім қарапайым адамдардікі. Тіршіліктің тауқыметінен жүйкесі жұқарып жүрсе де бірде-бірі Нұрланның істеген ісіне разы болмай қабақ шытып көрмепті. Еңбегіне де тым көп төлем сұрамайды екен. Өзінің жазуына қарағанда адамдарды аяу керек деп қояды. Барға қанағат. Жетпей жатқан ештеңе жоқ. Басында баспанасы бар. Көз қуанышы ұлы мен қызы желкілдеп өсіп келе жатыр. Ақ қағаздың бетіне және бір жазу түсті. Қазақ тіліне тұспалдап аударғанда қанағат деген ұғымды берсе керек. Япыр-ай көбімізге жетпей жүрген осы бір ұғым ғой. Сол қасиетті құрқылтайдың ұясындай жып-жылы, жап-жарық кішкентай бөлмеден тауып қуандық. Дәл осы жерде әлдеқайдан болашаққа деген сеніммен өмірге деген құштарлықтың лебі есіп тұрғандай.

Сұхбатты бұдан әрі созудың реті келмеді. Ең бастысы, еңбегімен ел аузына іліккен шебермен жүздестік. Өмірбаянын, тағдыр жолын оқып білдік. Өмірге деген құштарлығын да.

Блокнотымды енді жинай бергенде қолында таяғы бар ақсақал кіріп келді. Нұрланды бұрыннан білетін болар, қолындағы өкшесі сөгіліп кеткен аяқкиімін шебердің алдына тастай салды. Ымдасқан да, қағазға жазған да жоқ. Шебер қолына алды да сөгіліп кеткен өкше тұсын айналдыра бір қарады. Содан соң ақсақалға. Екі саусағын көтерді.

– Екі сағаттан соң кел деп, – тұр деді ақсақал, – өркенің өссін Нұрлан. Құдай деніне саулық берсін.

Маған қарап ақталғандай болды.

– Қытайдікі. Немерелер жамап-жасқағанды кимейді. Ал біз кие береміз. Біз не кимегенбіз. Бұдан жаманын да киіп тойға бардық қой. Кісіге нысап керек.

– Оқасы жоқ ақсақал дедім мен. Әлі-ақ өзіміз де шірей тартсаң, шетіне сызат түспейтін аяқкиім тігеміз.

– Әрине, – деді ақсақал болашаққа нық сеніммен.

Екеуміз қабаттаса босағасына ырыс байланған кішкентай бөлмеден шықтық. Есіктің алды жағалай қонған көпқабатты үйлердің ауласы. Әнебір жерде қоқыс салатын жәшіктің жанында жап-жас екі жігіт жанжалдасып жатыр екен. Адам сыйығы жоқ. Көздері көгеріп кеткен. Үсті бастары ит тартқандай. Шамасы маскүнемдікке салынған біреулер. Бір-біріне кіжіңкіжің етеді. Әлі жетсе бірін-бірі аяйтын түрлері жоқ.

Жаңа ғана өнерге ғашық, өмірге ғашық Нұрланның нұр ұялаған бөлмесінен бізбен бірге шыққан әдемі сезімнің айдай аппақ жүзіне сәл ғана кіреуке түскендей. Қап әлі екеуі...

Байқал БАЙӘДІЛОВ
Суретте: **Нұрлан ҒАЛИЕВ**

БӘРЕКЕЛДІ!

Журналист Жазираға өлең арнады

Күміс СЫРҒА

Бүгінгі түн керемет
нұрланғандай,
жасырынып жүрекке жыр
қалғандай.
Жазиражан, Жазира,
Жазира қыз,
ай астында жарқ еткен сырғаң
қандай?!

Қазағыңа жымиып
жүріс қылған,
алтынды да менсінбей
ығыстырған,
қиық айға керемет
ұқсайды екен,
құлағында тербелген күміс
сырғаң.

Оң қолында шәйіңнің шыныаяғы,
оны ұстаған қолың да тым
аялы.

Көлеңкесін күмістің сағалаған,
бриллианттар «жұмыссыз»
мұңаяды.

Махаббатқа болмайды
мұң жиюға,
алтын кетті алқаптан
гүл жиюға.
Қола медаль жүр әне,
кезек күтіп,
күмісіңнің қолына су құюға.

Елден ерек білдіріп
ептілігін,
күміс күлкің сыңғырлап жетті,
күнім.
Бас айналып барады,
бас айналып,
бүкіл дүние күміс боп кетті бүгін..!

Марат Маманбай

Қаз ҰУ студенттері - Олимпиада жүлдегері

Дмитрий Баландин әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дене шынықтыру және спорт кафедрасының 4-курс студенті.

Спортшы университеттің аға оқытушылары, спорт шеберлері – Андрей Хохлов пен Қуат Мақашевтардың жетекшілігімен жаттығады. Дмитрий – халықаралық деңгейдегі спорт шебері, Азия чемпионатының күміс жүлдегері, сондай-ақ Инчхонда өткен (Оңт.Корея) XVII Азия ойындарының браспен жүзу әдісі бойынша үш дүркін алтын медаль иегері.

Бұған дейін әл Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Елдос Сметов Рио Олимпиадасында ерлер арасындағы дзюдодан 60 келіге дейінгі салмақта өнер көрсетіп, Қазақстан қоржынына алғашқы күміс медальды салған болатын. Елдос Сметов – дзюдодан әлем чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Дмитрий Баландин Рио-де-Жанейродағы Олимпиада ойындарында алтын жүлдені қанжығасына байлады. Ол ерлер арасында брасс әдісімен 200 метр қашықтыққа жүзуден үздік көрсеткішпен жеңіске жетті. Бұл қазақ спорты тарихындағы Олимпиада ойындарында жүзуден алған алғашқы алтын.

Риодағы Олимпиада ойындарына Қазақстанның ұлттық құрамасында ҚазҰУ-дың 17 студенті спорттың 6 түрінен: жүзу, ауыр және жеңіл атлетика, дзюдо, еркін және грек-рим күресінен бақтарын сынауда.

ҚазҰУ студенттері спорттық шеберліктерімен, жеткен жетістіктерімен университеттің еліміздегі ғана емес, сонымен қатар халықаралық аренадағы үздік оқу ордасы екенін тағы бір дәлелдеді.

Директор – Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Меңдолла ШАМҰРАТОВ Бас редактордың орынбасары – Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ – *қоғам және әлеумет*
Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *өнер және руханият*
Руслан ДОСТАЕВ – *арнаулы тілші*
Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*
Мехмет СЕМЕРЖИ – *фототілші*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынаргүл ОҢАШБАЙ – Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ – Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Руслан ДОСТАЕВ

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2110;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BMI», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.